

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ТАРИХ, АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ  
АРХЕОЛОГИЯ, ЭТНОЛОГИЯ ЖӘНЕ МУЗЕОЛОГИЯ КАФЕДРАСЫ  
«ГЕОАРХЕОЛОГИЯ» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЗЕРТХАНАСЫ

---

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған  
«ХАЛЫҚ – ТАРИХ ТОЛҚЫНЫНДА» мемлекеттік бағдарламасы аясындағы  
«Археологиядағы зерттеудің жаңа әдістері» атты  
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция  
МАТЕРИАЛДАРЫ

30 қараша 2016 ж.

МАТЕРИАЛЫ  
международной научно-практической конференции  
«Новые методы исследования в археологии»  
в рамках государственной программы  
«НАРОД В ПОТОКЕ ИСТОРИИ»,  
приуроченной к 25-летию Независимости Республики Казахстан

30 ноября 2016 г.

PROCEEDING  
of International scientific-practical conference  
«New methods of research in Archaeology»  
within the confines of the state program  
«THE PEOPLE IN THE FLOW OF HISTORY»  
dedicated to the 25<sup>th</sup> anniversary of the Independence  
of the Republic of Kazakhstan

November 30, 2016

Алматы  
«Қазақ университеті»  
2016

<b>Шағатаева А., Егізбаева М.Қ.</b> Еврей халқының ұлттық мейрамдары .....	137
<b>Жумабаева М.Т., Боранбай Ә.А., Қалыш А.Б.</b> «Алтын-емел» мемлекеттік мемориалдық музейі .....	139
<b>Тәлім А.Т., Қалыш А.Б.</b> «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық мұражайының ерекшелігі .....	142
<b>Әбдіхан Л.Ә., Қалыш А.Б.</b> Маңғыстаудағы бекет ата мешіті .....	145
<b>Серік А.С., Қалыш А.Б.</b> Ортағасырлық жайық қалашығы .....	147
<b>Молдашова А.Е., Қалыш А.Б.</b> К вопросу об ямышевских воротах .....	150

### СЕКЦИЯ III.

#### ДАЛАЛЫҚ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЭКСПЕДИЦИЯЛАРЫНЫҢ МАТЕРИАЛДАРЫ / ПОЛЕВЫЕ МАТЕРИАЛЫ АРХЕОЛОГИЧЕСКИХ ЭКСПЕДИЦИЙ

<b>Ожерельев Д.В., Джасыбаев Е.А.</b> Значение открытия древнейших памятников раннего палеолита на Северо-Восточном Кавказе .....	152
<b>Бексеитов Ғ.Т., Тулегенов Т.Ж., Оспанов Е.Б.</b> Предварительные результаты раскопок на курганном-могильнике Сункар (итоги полевого сезона 2016 г.) .....	153
<b>Бексеитов Ғ.Т., Оспанов Е.Б.</b> Исследования на позднепалеолитической стоянке Рахат в Семиречье .....	163
<b>Бексеитов Ғ.Т., Тулегенов Т.Ж., Сатаева Б.Е.</b> Алматы облысында ҚазҰУ-дың «Геоархеология» халықаралық ғылыми-зерттеу зертханасының 2015 жылы жүргізген археологиялық қазба жұмыстары (Жамбыл, Еңбекшіқазақ ауданы) .....	168
<b>Төлеубаев Ә.Т., Жұматаев Р.С., Шағырбаев М.С.</b> Алакөл аймағындағы ортағасырлық қалаларға қатысты кейбір тұжырымдар .....	172
<b>Төлеубаев Ә.Т., Жұматаев Р.С., Шағырбаев М.С.</b> Ортағасырлық Жайпақ қаласына 2016 жүргізілген қазба жұмыстарының кейбір қорытындылары .....	183
<b>Омаров Ғ.Қ., Бесетаев Б. Б., Сагындықова С.Т.</b> Үржар ауданында 2016 жылы жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарының алдын - ала қорытындысы .....	189
<b>Омаров Ғ.Қ., Жұматаев Р.С., Сапатаев С.А.</b> Үржар ауданында 2016 жылы жүргізілген археологиялық барлау жұмыстары .....	198
<b>Сойкина Н.Ю.</b> К вопросу о роли образа быка в наскальном искусстве Восточного Казахстана .....	204
<b>Талеев Д. А.</b> Ортағасырлық төменгі Барсхан қаласында 1996 жылы жүргізілген қазба .....	208
<b>Байтанаев Б.А., Ахатов Ғ.А., Казизов Е.С.</b> Исследования культово -погребального комплекса каракойтас и Ак-Койтас .....	214
<b>Исхаков Ғ.Т.</b> Термин «неолит»: проблема дефиниций .....	229
<b>Арынов Қ.</b> 2014 жылы сырдария университеті студенттерінің ортағасырлық үтіртөбе қаласында өткен іс тәжірибе жұмыстарының нәтижесі .....	232
<b>Әбсадық Ж.А.</b> Оңтүстік Қазақстандағы көне тас дәуір ескерткіштерінің зерттелу тарихы .....	237
<b>Есжан Е.Ә.</b> Қожа Ахмет Ясауи мен оның кесенесі М.Е.Массонның зерттеулерінде .....	241
<b>Сералиев А.А.</b> Көрнекті ғалым – Сержан Мұсатайұлы .....	244
<b>Өсеров Т.О.</b> Түркістан археологиялық отрядының Көне Қалашық ескерткіші айналасында жүргізген археологиялық зерттеу жұмыстары .....	246
<b>Пәрменқұл С.Т.</b> Сырдарияның орта ағысындағы бекіністер .....	251
<b>Қожатаева М.Б.</b> Түркістан өңірінің қола дәуірі ескерткіштері .....	254
<b>Нұржанов А.Ә., Омаров Ғ.Қ., Төлегенов А.К.</b> Қазақстан аумағындағы археологиялық зерттеулердің тарихы (XVIII ғ. бірінші ширегі-XX ғ. басы) .....	257
<b>Мосунова А.В.</b> Ранние формы погребальных традиций населения среднего зауралья (III-II тыс. до н.э.) .....	260
<b>Молдахмет А.А.</b> Ортағасырлық қарашық қаласындағы археологиялық зерттеу жұмыстары (2001-2002 жж.) .....	262
<b>Құрманязов И.С.</b> Солтүстік Арал маңы Қосаман тұрағы. орналасуы мен зерттелуі .....	265
<b>Қожахан Ж.Н., Сойкина Н.Ю.</b> Шығыс Қазақстандағы сақ кезеңінің археологиялық қазба жұмыстарының жетістіктері .....	269
<b>Tushabramishvili N.</b> The oldest middle paleolithic portable art from the caves of georgia .....	273
<b>Даубаев Е.</b> Зергерлік өнердің байырғы әдістері: сақталуы және таралуы .....	282
<b>Кусаинов С.А., Иманғалиева М.Ж.</b> Геолого - геоморфологическая характеристика района палеолитической стоянки Майбулак в предгорьях Илейского Алатау .....	289
<b>Саргизова Г.Б.</b> Сарысу, Қызылжар өлкелеріндегі тас дәуірі ескерткіштері .....	293



9-сурет – Жайпақ каласы. Шырағандар (IX-XII ғғ)

**Ғ.Қ. Омаров**  
*т.ғ.к., доцент.*

**Б.Б. Бесетаев**

*Ә.Х.Марғұлан атындағы Археология институты,  
С.Т. Сағындықова  
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2 курс магистранты*

## **ҮРЖАР АУДАНЫНДА 2016 ЖЫЛЫ ЖҮРГІЗІЛГЕН АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ҚАЗБА ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ АЛДЫН-АЛА ҚОРЫТЫНДЫСЫ**

Үржар өңірінің археологиялық тұрғыда зерттелінуінің Қазақстанның басқа өңірлерімен салыстырғанда ақтаңдақ беттері көп деп айтуға болады. Қарастырылып отырған өңірдегі ескерткіштер хронологиялық жағынан қола, ерте темір және түркі дәуірі ескерткіштері болып мерзімделеді. Зерттеудің келесі бір бағыты аталған өңірлердің және көршілес жатқан аймақтардың этноқайнар көздері мен бірге көне мәдениеттер арасындағы ықпалдастықты да анықтау негізінде құрылып, біршама қорытындылар жасалды. Кешенді түрдегі археологиялық зерттеулер Шығыс Қазақстандағы көне мәдениеттердің дамуы мен басталуын анықтауға мүмкіндік берді. Бұл мәдениеттердің әрқайсысынан қалған айқын белгілер бізге таңғажайып мол ескерткіштер түрінде жетіп отыр.

Биылғы жылы Үржар ауданында қола және ерте темір дәуірлеріне жататын 4 нысанда қазба жұмыстары жүргізілді.

Ортабұлақ қорымының № 1 қоршауы Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданы Ортакөң қыстағының қасында орналасқан. Ауызкөң ауылынан 2 км қашықтықта жатыр. Ескерткішті жан-жақтан Тарбағатай тау сілемдері қоршаған.

Қоршаудың топырағы қатты, бетінде жусан, тобылғы сияқты дала өсімдіктері өскен (Сурет 1). Ескерткіштің жалпы жоспары жасалып, қазбаға дейінгі көрінісі фотосуретке түсірілді. Қоршауішкі және сыртқы қоршаулардан тұрады, оның солтүстік-оңтүстік бағытында жал салынды. Шым қабаты алынғаннан кейін сыртқы қоршаудың негізінен ірі тастарының көптігі көрінді (Сурет 2). Солтүстік батыс секторының орта тұсының топырағы құм араласқан, жері қатты. Қабір дағының батыс

жағында сынтас орналасқан. Сыртқы қоршаудың солтүстік шығыс секторында ұсақ тастар көп. Оңтүстік шығыс секторының сыртқы қоршауы мен ішкі қоршауының арасы топырақ пен тас аралас болып келеді. Оңтүстік-батыс секторында басқа тастардан бөлек жоғары орналасқан тастар бар, яғни олар тонау барысында қабір ішінен шыққан болуы мүмкін.

Қазбаның орта тұсынан белгісіз жануардың ұсақ сүйектері шықты. Қоршаудың солтүстік жағынан, сыртқы қоршау тастарын тазалау кезінде керамиканың ұсақ сынығы табылды. Керамика бөлшегінің бетінен өрнек іздері байқалмады.

Қоршау өлшемдері: СО – 9,6 м, БШ – 8,2 м. Сынтас ұзындығы – 47 см, ені – 18 см. СШ секторындағы салыстырмалы түріндегі сыртқы қоршаудың ірі тастарының өлшемдері: 33x19x19; 27x10x14 см, ОШ – 25x46x36; 30x70x27 см, ОБ – 15x70x20; 27x40x3 см, СБ – ұсақ тастар көп, ірі тастар жоқ. Ұсақ тастардың өзі аз. Ішкі қоршаудағы салыстырмалы түріндегі ірі тастар өлшемдері: СШ – 20x45x19; 31x17x12; 67x14x24см, ОШ – 62x23x21; 56x6x14см, ОБ – 104x20x35; 75x15x31см, ОБ секторда басқа тастардан жоғары тұрған тастың өлшемі 50x32x30см, СБ – 46x32x29; 55x9x14см.

Ішкі сақинаның солтүстік шетінен керамиканың сынығы шықты, оның бетінен де өрнек іздері байқалмайды. Тонау барысында керамикалық ыдыс бөлшектері шашылып қалған болуы мүмкін. Қазба барысында ішкі сақинаны толтырып жатқан тастары алынды. Ішкі қоршау өлшемдері: солтүстік-оңтүстік бағытта – 4,6 м, батыс-шығыс бағытта – 4,5 м. Ішкі қоршауды қазу барысында 1м тереңдікте солтүстік жағынан адамның жауырын, қабырға, жамбас және астыңғы жақ сүйектері шықты. Сүйектердің барлығы бір жерден табылды, тонау кезінде сүйектерді бір жерге үйе салған болуы керек (Сурет 3). Қабірден жерлеу инвентарі табылмады. Қазба жұмыстары біткен соң рекультивация жүргізілді (Сурет 4).

Қола дәуіріне жататын № 3 қоршау Үшбұлақ аулының шет жағында орналасқан. Қоршаудың шығыс, солтүстік жағынан жоталар қоршаған. Солтүстік, солтүстік батыс жағында ауыл жатыр. Ескерткіш орналасқан жер мал жаю үшін пайдаланылған. Қоршаудың қазбаға дейінгі көрінісі жан-жағынан фотосуретке түсірілді (Сурет5).

Қоршау өлшемдері: СО – 7,1 м, БШ – 7,5 м. Объектінің шым қабаты алынғаннан кейін сыртқы қоршауының салыстырмалы түріндегі ірі тастар өлшемдері алынды: О – ірі тастар: 10 x 58 x 21; 28 x 50 x 31см, С - ірі тастар: 48 x 25 x 19; 24 x 40 x 20 см, Б - ірі тастар 24 x 54 x 18см, Ш – ірі тастар: 53 x 46 x 34 см. Батыс жағындағы сыртқы қоршаудың ұсақ тастары бар (Сурет 6).

Ішкі қоршау өлшемдері: СО– 3,4 м, БШ– 3,9 м. Ішкі қоршаудың салыстырмалы түріндегі ірі тастар өлшемдері: О-ірі тастар: 19 x 87 x 34, Б– ірі тастар: 22 x 67 x 31 см, Ш– ірі тастар: 27 x 28 x 19 см; С- ірі тастар: 50 x 62 x 46 см.

Қабір шұңқыры 3 плита таспен жабылған. Бірінші плита тас өлшемдері: 13 x 100 x 50 см, екінші плита тас өлшемдері: 20 x 84 x 156 см, үшінші плита тас өлшемдері: 18 x 69 x 133 см.

Қабір шұңқырынан бір адам сүйегі және қасындағы тас жәшіктің ішінен өте нашар сақталған екінші адамның қаңқа сүйектері табылды (Сурет 7).

Қабірдің СШ жағынан тас жәшік аршылды. Тастар үгітіліп қалған, тас жәшіктегі сүйектер тас араласып, құм болып кеткен. Бірақ, жалпы сұлбасын көруге болады. Адам қаңқасы бір қырымен бүгулі түрде жатқызылған және қаңқа тас жәшіктің астымен негізгі қабір шұңқырымен жалғасып жатыр. Тас жәшік өлшемдері: СО – 53 см, БШ – 90 см.

Қабір шұңқырының 90 см тереңдікте адам сүйектері шықты. Бас сүйек бөлшектері ОБ жағынан, қабырға және саусақ сүйектері ОШ бөліктен шықты. Қаңқа сүйектері қабірдің ішінде БШ бағытта шашыраңқы орналасқан. Олар да нашар сақталған.

Жалпы, қоршау ішінен шыққан тастардың көбісі үгітіліп кеткен. Топырағы жұмсақ, тастары үгітіліп жатыр. Қоршаудан мерзімделу уақытын анықтайтындай заттар табылған жоқ. Археологиялық қазба жұмыстары аяқталған соң рекультивация жүргізілді.

Үшбұлақ ауылы жанынан қоршаудан басқа екі қорған қазылды. № 23 қорған биіктігі – 1,5 м, диаметрі – 23 м. Қорғанның солтүстігін тас сілемдері қоршап жатыр. Үйіндісі тек қана топырақтан тұрады, тас араласпаған. Үстінде дала өсімдіктері өсіп тұр. Қорғанның қазбаға дейінгі көрінісі фотосуретке түсірілді (Сурет 8). Қорғанды қазу қиын болғандықтан, оған траншея жүргізілді (Сурет 9). Траншея жүргізілгеннен кейін қабырға шеттері түзетіліп, қазу аймағы тазартылды. Қазу барысында қорғанның бірінші қабаттағы қабір дағы көрінді (Сурет 10). Екінші қабаттағы қабір дағының тастары орташа және ұсақ көлемді болым келеді. Егер қазба шұңқырының екі қабатында тастар кездесе, үшінші қабатта тастар жоқ, жер қатты бола бастады. 2,5 м тереңдікте жерлеу шұңқыры қазылды, бірақ жерлеу бұйымдары да, мәйіт сүйектері де табылмады. Қазба аяқталған соң рекультивация жүргізілді.

№ 25 қорғанның жан-жағын тау сілемдері мен жазық дала қоршаған (Сурет 11). Ескерткіш үстінде дала өсімдіктері өсіп тұр, қорған орналасқан жер мал жаю үшін пайдаланылған. Қорғанның

қазбаға дейінгі көрінісі фотосуретке түсірілді. Қорған биіктігі – 2,1 м, диаметрі – 26 м. Ескерткіш құрылысын анықтау мақсатында қорған үстінен траншея жүргізілді (Сурет 12). Траншея жүргізілгеннен соң оның қабырғалары түзетіліп, қазба аямағы тазартылды, қорғанның ішкі құрылысы анықтала бастады. Ескерткіш құрылысы бірнеше қабаттан тұрады, топырақ үйіндісінен ғана емес, сонымен қатар ұсақ тастармен де үйілген. Ескерткіш топырағы жұмсақ, оңай алынды. Тас үйіндісі ұсақ тау тастарынан тұрады. Траншея жүргізілгеннен кейін, қорған үйіндісінің қабаттары анық байқалып тұр. Фотосуретке түсіру барысында қорған үйіндісінің тастары тазаланды.

Қорғанның траншея өткен жерін тазалау барысында қабір дағының ұсақ тастары шықты. Қабір шұңқырының көлемі – 2,7 x 1,6 м. Тереңдігі – 1,6 м. Қабір шұңқыры СШ-ОБ сызығы бойымен созыла қазылған. Әр түрлі деңгейде адам сүйектері шашылған күйінде кездесіп отырды. Қабір шұңқыры қатты саздақ топырақ пен тастармен толтырылған. Тастардың көлемдері әр түрлі: 35 x 60 x 20 см, 28 x 40 x 17 см, 15 x 24 x 44 см. Қабір шұңқырының батыс бөлігінен тонаушылардың ізі көрініп жатыр. Қабірдің түбінде шығыс бөлігінде адам сүйектерінің аяқ бөліктері жүйесіз шашылып жатыр. Жерлеудің шығыс жағынан, аяқ сүйегінің қасынан металдан жасалған дөңгелек бұйым шықты (Сурет 13-14). Қапсырма болуы мүмкін, артында бекітетін тетігі бар. Дөңгелек пішінді, шет жақтарында саңылаулары бар. Жолбарыстың, не арыстанның бейнесі бар 2 см аспайтын әшекей ретінде, не киімнің қапсырмасы ретінде қолданылған зат.

Қазба жұмыстары аяқталған соң рекультивация жасалды.



**1-сурет** – Ортабұлақ қорымы № 1 қорғанның қазбаға дейінгі оңтүстіктен қарағандағы көрінісі



2-сурет – Ортабұлақ қорымы № 1 қорғанның шым қабаты алынғаннан кейінгі шығыстан қарағандағы көрінісі



3-сурет – Ортабұлақ қорымы № 1 қорғанның қабір шұңқырының оңтүстіктен қарағандағы жалпы көрінісі



**4-сурет** – Ортабұлақ қорымы № 1 қорғанның рекультивациядан кейінгі жалпы көрінісі



**5-сурет** – Үшбұлақ 3 қорымы № 3 қорғанның қазбаға дейінгі батыстан қарағандағы көрінісі



6-сурет – Үшбұлақ 3 қорымы № 3 қорғанның шым қабаты алынғаннан кейінгі оңтүстіктен қарағандағы көрінісі



7-сурет – Үшбұлақ 3 қорымы № 3 қорғанның қабір шұңқырының жалпы көрінісі





**8-сурет** – Үшбұлақ 3 қорымы № 23 қорғанның қазбаға дейінгі шығыстан қарағандағы көрінісі



**9-сурет** – Үшбұлақ 3 қорымы № 23 қорғанның траншеяның шығыстан қарағандағы көрінісі



**10-сурет** – Үшбұлақ 3 қорымы № 23 қорғанның бірінші қабаттағы қабір дағының көрінісі



**11-сурет** – Үшбұлақ 3 қорымы № 25 қорғанның қазбаға дейінгі батыстан қарағандағы көрінісі



12-сурет – Үшбұлақ 3 қорымы № 25 қорғанның солтүстік траншеяның орталық бөлігі



13-сурет – Үшбұлақ 3 қорымы № 25 қорғаннан табылған заттардың жалпы көрінісі



14-сурет – Үшбұлақ 3 қорымы № 25 қорғандағы бұйымның көрінісі

**Ғ.Қ. Омаров**

*т.ғ.к., доцент*

**Р.С. Жұматаев** *PhD докторанты,*

**С.А. Сапатаев** *магистр, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,  
Алматы, Қазақстан Республикасы*

### **ҮРЖАР АУДАНЫНДА 2016 ЖЫЛЫ ЖҮРГІЗІЛГЕН АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ БАРЛАУ ЖҰМЫСТАРЫ**

2016 жылғы археологиялық барлау жұмыстары Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданының Қоңыршәулі ауылдық округінің территориясында жүргізілді. Тарбағатай тауының күнгей беткейлерінде жүргізілген археологиялық барлау жұмыстарының нәтижесінде Шетбұлақ, Үшбұлақ 1, Үшбұлақ 2, Үшбұлақ 3, Үшбұлақ 4, Сарыоба атты жаңа археологиялық ескерткіштер ашылып, нақты географиялық координаталары анықталды [1, 30].

Табиғи географиялық жағдайы әрқилы болып келетін Үржар өлкесінде, әрбір тарихи кезеңдерде тұрмыс тіршілігі әртүрлі халықтар өмір сүрген. Ежелгі дәуірде өмір сүрген тайпалар тарихының қайнар көзін ашар, мәдениетін анықтайтын жазба деректердің тым аздығына байланысты өлкені мекендеуші ежелгі тұрғындар қалдырған археологиялық ескерткіштер материалдары осы олқылықтың орынын толтырар бірден-бір дереккөзі болып табылады. Осы ауданның ежелгі дәуір тарихына қатысты археологиялық деректер ХІХ ғасырдың өзінде-ақ жинала бастағанымен, ғылыми құндылығы жоғары шынайы дереккөздері ХХ ғасырдың екінші жартысынан бастап жинақталынған болатын. Бұл орайда С.С. Черников пен Г.А. Кушаевтың барлау және жүргізген қазба жұмыстары нәтижесінде жинақталған археологиялық материалдарды атап айтуға болады. Аталған авторлардың кейбір жарияланбаған, жүйеленбеген материалдары, қазбалары зерттеудің деректік негізі болып табылады [2, 163].